



№25 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі ақша-кредит саясаты туралы

2015 жылғы 14 мамыр

Алматы қ.

2015 жылғы 24 сәуірде Ұлттық Банк Басқармасы Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сәйкес әзірленген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі ақша-кредит саясатын мақұлдады.

Құжат Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі ақша-кредит саясатының тұжырымдамалық тәсілдерін және одан әрі даму бағыттарының қағидаттарын айқындайды. Құжатта Қазақстанның ақша-кредит саясатының эволюциясына және ақша-кредит саясатының түрлі режимдеріне шолу берілген.

Ұлттық Банк дамудың ағымдағы кезеңінде барынша оңтайлы ретінде инфляциялық таргеттеу режимін енгізуді ұсынады. Инфляциялық таргеттеу инфляцияның нысаналы деңгейіне қол жеткізуге бағытталған және мыналарды қамтитын шаралар кешенін білдіреді:

– инфляцияны талдау және болжау жүйесін және басқа макроэкономикалық көрсеткіштерді жетілдіру;

– ақша-кредит саясатының құралдары жүйесін кеңейту жолымен трансмиссиялық тетіктің пайыздық арнасының тиімділігін арттыру. Ұлттық Банктің бағамдық саясаты инфляция бойынша мақсатты ұстап тұруға бағытталады. Алайда, валюталық күйзелістер басталған жағдайда, қаржы нарығындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету Ұлттық Банк үшін басымдық болады;

– әлемнің ең озық практикасына сәйкес ақша-кредит саясаты бойынша шешімдер қабылдаудың ағымдағы жүйесін өзгерту;

– коммуникациялық саясаттың тиімділігін арттыру. Коммуникациялық стратегияның негізгі мақсаттары экономикалық агенттердің басымдықтарын айырбастау бағамынан инфляцияға ауыстыру, сондай-ақ инфляциялық күтулерді төмен деңгейде бекіту болады.

Қазақстанның 2020 жылға дейінгі ақша-кредит саясатын іске асыру Ұлттық Банкке баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл орнықты экономикалық өсуге ықпал етеді, сондай-ақ елдің әлемнің барынша дамыған отыз елдің қатарына кіруі бойынша стратегиялық мақсаттарға жетуіне жәрдемдеседі.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 639,

+7 (727) 2704 585,

+7 (727) 3302 497,

e-mail: press@nationalbank.kz,

www.nationalbank.kz